

## Солтүстік Қазақстан облысының жекелеген машина жасау акционерлік қоғамдарын қаржылық сауықтыру жөніндегі кейбір шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 7 сәуірдегі N 294

"Солтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын нығайту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 наурыздағы N 183 P980183\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментіне "Петропавл ауыр машина жасау зауыты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін берсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментіне "Атқарушы тетіктер зауыты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін берсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті заңдарда белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, "Петропавл ауыр машина жасау зауыты" акционерлік қоғамында қайта ұйымдастыруды және оны одан әрі жекешелендіру жөнінде ұсыныстар енгізуді;

арнаулы мақсаттағы өнім шығару жөніндегі мамандандырылуын сақтауды есепке ала отырып, "Атқарушы тетіктер зауыты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сату бойынша тендер өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 P950656\_ қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 17,

194-құжат);

аталған қаулының қосымшасында:

"Петропавл ауыр машина жасау зауыты" АҚ", Петропавл қаласы деген жол алынып тасталсын;

ЕСКЕРТУ. 4-тармағының бесінші-сегізінші абзацтарының күші жойылды - ҚР  
Үкіметінің 1999.09.10. N 1363 қаулысымен.

P991363\_

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК